

№3 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 21 сәуір 2025 жыл

Өткізілген орны: «Еркемай» балабақшасы

Қатысқандар саны: 10

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени-гигиеналық дағдылары» тақырыптық бақылау қорытындысын жасау
2. Ата-аналармен топтарда жиналыстар өткізуге дайындық деңгейі.
3. «Біздің жетістігіміз» тәрбиешілер мен пән мұғалімдерінің жылдық қорытынды есебіне дайындық.
4. 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыс сараптамасы
5. №5 педагогикалық кеңеске дайындық

1-МӘСЕЛЕ

Тақырыбы: «Балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени-гигиеналық дағдылары» тақырыптық бақылау қорытындысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер «Балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени-гигиеналық дағдылары» тақырыбында жүргізілген бақылау қорытындысымен таныстырды. Бақылау барысында балалардың ас ішу алдындағы және кейінгі жеке бас гигиенасын сақтауы, асхана құралдарын дұрыс пайдалануы, үстел басындағы тәртіп мәдениеті мен өзін-өзі күту дағдылары зерделенгені айтылды. Нәтижесінде балалардың басым бөлігінде мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптасқандығы, алайда кейбір тәрбиеленушілермен жеке жұмыс жүргізу қажеттілігі анықталғаны атап өтілді.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Кабакова Рауза Абильмажуновна балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру жұмыстары күнделікті жүйелі түрде жүргізілетінін айтты.

Тәрбиеші Капсанатова Айда Канатовна ата-аналармен бірлескен жұмыстардың нәтижесінде балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары жақсарғанын атап өтті.

2-МӘСЕЛЕ

Тақырыбы: Ата-аналармен топтарда жиналыстар өткізуге дайындық деңгейі.

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер топтарда өткізілетін ата-аналар жиналыстарына дайындық жұмыстарымен таныстырды. Жиналыстардың күн тәртібі, қарастырылатын мәселелер, көрнекілік материалдар мен презентациялардың дайындалуы туралы ақпарат берілді. Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту мақсатындағы жұмыстарға ерекше назар аударылды.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Абузарова Римма Мансуровна жиналыс барысында балалардың жетістіктері мен даму динамикасын көрсету жоспарланғанын айтты.

Тәрбиеші Еркінова Ботагоз Саматқызы ата-аналардың белсенді қатысуын арттыруға бағытталған жұмыс түрлерімен бөлісті.

3-МӘСЕЛЕ

Тақырыбы: «Біздің жетістігіміз» тәрбиешілер мен пән мұғалімдерінің жылдық қорытынды есебіне дайындық.

ТЫНДАЛДЫ:

Педагогикалық ұжым жылдық қорытынды есепті дайындау барысы туралы ақпарат берді. Есепте оқу жылы ішінде қол жеткізілген нәтижелер, балалардың жетістіктері, байқаулар мен іс-шараларға қатысу көрсеткіштері және педагогтердің кәсіби жетістіктері қамтылатыны айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін жинақтап жатқанын хабарлады.

Пән мұғалімі Жаманова Нурия Ажбаевна тәрбиеленушілердің шығармашылық және танымдық жетістіктерін есепке енгізу бойынша ұсыныс айтты.

4-МӘСЕЛЕ

Тақырыбы: 2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыс сараптамасы.

ТЫНДАЛДЫ:

Әдіскер оқу жылы ішінде жүргізілген әдістемелік жұмыстарға талдау жасады. Әдістемелік кеңестердің, педагогикалық кеңестердің, семинарлар мен шеберлік сағаттарының өткізілу сапасы, педагогтердің кәсіби өсу көрсеткіштері және жоспарланған жұмыстардың орындалу деңгейі туралы мәліметтер ұсынылды. Жалпы әдістемелік жұмыстың тиімділігіне оң баға берілді.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Кабакова Рауза Абильмажуновна әдістемелік жұмыстардың педагогтердің кәсіби дамуына оң әсер еткенін атап өтті.

Тәрбиеші Абузарова Римма Мансуровна келесі оқу жылында тәжірибе алмасу жұмыстарын күшейту туралы ұсыныс білдірді.

5-МӘСЕЛЕ

Тақырыбы: №5 педагогикалық кеңеске дайындық.

ТЫНДАЛДЫ:

Әдіскер Едильбева Б.А. №5 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып, жауапты тұлғаларға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру бойынша тапсырмалар берді. Кеңеске қажетті есептерді, мониторинг нәтижелерін және талдамалық материалдарды әзірлеу қажеттігі айтылды.

Құрметті әріптестер! Әдістемелік кеңестің бесінші мәселесі бойынша №5 педагогикалық кеңеске дайындық жұмыстары қарастырылады.

Педагогикалық кеңес – мектепке дейінгі ұйым қызметінің маңызды басқару органы. №5 педагогикалық кеңестің негізгі мақсаты – 2024–2025 оқу жылының қорытындыларын шығару, педагогикалық ұжымның жыл бойғы жұмыс нәтижелерін талдау және келесі оқу жылына арналған міндеттерді айқындау.

Педагогикалық кеңеске дайындық барысында келесі жұмыстар жүргізілуі қажет:

- оқу жылының қорытынды мониторинг нәтижелерін жинақтау және талдау;

- тәрбиелеу мен оқыту сапасына жүргізілген бақылаулардың қорытындысын әзірлеу;
- педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелерін саралау;
- балалардың даму деңгейі бойынша қорытынды есептерді дайындау;
- әдістемелік жұмыс пен тәрбие жұмысының жылдық қорытындыларын әзірлеу;
- баяндамалар мен хабарламаларды дайындау;
- педагогикалық кеңестің шешім жобасын әзірлеу.

Әр педагог өз тобы бойынша оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстарға талдау жасап, қол жеткізген нәтижелер мен келесі оқу жылында назар аударуды қажет ететін мәселелерді анықтауы тиіс.

Сонымен қатар, педагогикалық кеңесте үздік тәжірибелерді таныстыру, жыл бойындағы жетістіктерді қорытындылау және жаңа оқу жылына арналған ұсыныстарды қарастыру жоспарланады.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші қажетті материалдарды белгіленген мерзімде дайындайтынын жеткізді.

Тәрбиеші педагогикалық кеңестің қорытынды отырысына қатысты ұсыныстарын айтты.

ҚАУЛЫ:

1. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Ата-аналар жиналыстары белгіленген жоспарға сәйкес жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.
3. «Біздің жетістігіміз» жылдық қорытынды есебі сапалы дайындалып, уақытылы тапсырылсын.
4. 2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың нәтижелері келесі оқу жылын жоспарлауда ескерілсін.
5. №5 педагогикалық кеңеске дайындық жұмыстары толық көлемде аяқталсын.
6. Қаулының орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҚЫЛАУ ҚОРЫТЫНДЫ АНЫҚТАМАСЫ

Тақырыбы: «Балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени-гигиеналық дағдылары»

Мақсаты: Балалардың тамақтану кезінде мәдени-гигиеналық дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау, тамақтану мәдениетін ұйымдастыру сапасын бағалау.

Бақылау мерзімі: 01.04.2025-18.04.2025жж

Қамтылған топтар: «Жұлдызай» кіші тобы, «Қошақан» ортаңғы тобы, «Еркежан» ересек, «Ботақан» мектепалды топ

Бақылау барысында төмендегі мәселелер зерделенді:

- Балалардың тамақтанар алдындағы және кейінгі жеке бас гигиенасын сақтауы;
- Қол жуу дағдыларының қалыптасуы;
- Асхана құралдарын дұрыс пайдалануы;
- Үстел басындағы мінез-құлық мәдениеті;
- Өздігінен тамақтану дағдылары;
- Майлықты пайдалану мәдениеті;
- Тамақтану кезінде тәрбиешінің басшылығы мен бақылауы;
- Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру бойынша жүргізілетін жұмыстар.

Бақылау нәтижесі

Бақылау барысында барлық топтарда балалардың тамақтануы белгіленген күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылатыны анықталды. Тамақтану алдында балалардың қол жууы қадағаланып, жеке бас тазалығын сақтау дағдыларына көңіл бөлінеді.

Ересек және мектепалды даярлық топтарындағы тәрбиеленушілердің басым бөлігі қасықты, шанышқыны дұрыс пайдаланады, тамақты ұқыпты ішеді, үстел басындағы тәртіп ережелерін сақтайды. Балалар тамақтану кезінде бір-біріне кедергі келтірмей, мәдениетті мінез-құлық танытады.

Ортаңғы топ тәрбиеленушілерінде өздігінен тамақтану дағдылары қалыптасу үстінде. Балалардың көпшілігі майлықты дұрыс пайдаланып, тамақтанғаннан кейін орындарын жинастыруға дағдыланған.

Тәрбиешілер балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру мақсатында күнделікті түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жеке үлгі көрсетеді. Тамақтану кезінде балалардың дұрыс отыруына, асхана құралдарын дұрыс ұстауына және ұқыптылыққа назар аударылады.

Анықталған кемшіліктер

Бақылау барысында жекелеген кемшіліктер де анықталды:

- Кейбір балалар тамақтану алдында қол жуу алгоритмін толық сақтамайды;
- Асхана құралдарын дұрыс пайдалану дағдысы барлық тәрбиеленушілерде бірдей қалыптаспаған;
- Кейбір балалар тамақтану кезінде асығыстық танытады;
- Майлықты пайдалану мәдениеті кей тәрбиеленушілерде тұрақты қалыптаспаған;

- Жекелеген топтарда мәдени-гигиеналық дағдыларды бекітуге арналған көрнекіліктер жеткіліксіз.

Жетістіктер

- Балалардың басым бөлігінде мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптасқан;
- Тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіледі;
- Тәрбиешілер балалардың дербестігін дамытуға жағдай жасайды;
- Тамақтану кезінде қолайлы психологиялық орта қалыптастырылған.

Қорытынды: Тақырыптық бақылау нәтижесінде балалардың тамақтану сәтіндегі мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру жұмыстары жақсы деңгейде ұйымдастырылғаны анықталды. Балалардың көпшілігі тамақтану мәдениетін сақтайды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген. Дегенмен жекелеген тәрбиеленушілермен және кейбір бағыттар бойынша қосымша жұмыстар жүргізу қажет.

Ұсыныстар

1. Тамақтану алдында және кейін жеке бас гигиенасын сақтау дағдыларын жетілдіру жұмыстарын жалғастыру.
2. Асхана құралдарын дұрыс пайдалану дағдыларын қалыптастыру бойынша жеке жұмыстар жүргізу.
3. Мәдени-гигиеналық дағдыларды бекітуге арналған көрнекіліктерді толықтыру.
4. Ата-аналармен бірлесіп балалардың тамақтану мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын күшейту.
5. Өздігінен қызмет ету және ұқыптылық дағдыларын дамытуға тұрақты көңіл бөлу.

Қорытынды баға: өте жақсы.

Әдіскер: Едильбаева Б.А.

АТА-АНАЛАРМЕН ТОПТАРДА ЖИНАЛЫСТАР ӨТКІЗУГЕ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС

Құрметті педагогтер! Ата-аналар жиналысы – балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтатын, бала тәрбиесі мен дамуына қатысты өзекті мәселелерді талқылайтын маңызды жұмыс түрі. Сондықтан жиналысты сапалы ұйымдастыруға ерекше назар аудару қажет.

Жиналысқа дайындық барысында төмендегі мәселелерге көңіл бөлуді ұсынамын:

1. Жиналыстың мақсаты мен міндеттерін нақты анықтау

Жиналыс тақырыбы ата-аналар үшін өзекті әрі маңызды болуы тиіс. Күн тәртібіне 2-3 негізгі мәселені ғана енгізіп, ақпараттың нақты әрі түсінікті болуын қамтамасыз еткен жөн.

2. Балалардың жетістіктерін көрсету

Ата-аналар жиналысында балалардың оқу жылы ішіндегі жетістіктері, шығармашылық жұмыстары, даму көрсеткіштері туралы ақпарат беру ұсынылады.

Ол үшін:

- балалар жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру;
- фото және бейнематериалдар дайындау;
- жетістіктер портфолиосын көрсету тиімді нәтиже береді.

3. Көрнекілік құралдарын пайдалану

Жиналыс барысында презентация, буклет, жадынама, ақпараттық парақшалар қолдану ата-аналардың қызығушылығын арттырады және ақпаратты жақсы қабылдауына ықпал етеді.

4. Ата-аналарды белсенді қатыстыру

Жиналыс тек ақпарат беру түрінде емес, өзара пікір алмасу форматында өткен тиімді.

Ол үшін:

- сұрақ-жауап ұйымдастыру;
- шағын сауалнамалар жүргізу;
- жағдаяттарды талқылау;
- тәжірибе алмасу жұмыстарын өткізу ұсынылады.

5. Педагогтің сөйлеу мәдениеті

Жиналыс барысында:

- ресми әрі сыпайы қарым-қатынас сақтау;
- ата-аналарды сынға алмау;
- әр баланың жетістігін атап өту;
- жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру қажет.

6. Құжаттардың дайын болуы

Әр топта:

- жиналыс жоспары;
- күн тәртібі;
- қатысу парағы;
- хаттама үлгісі;
- ата-аналарға арналған ұсынымдар алдын ала дайындалуы тиіс.

Ұсыныстар:

1. Жиналысты заманауи форматта ұйымдастыру.
2. Әр баланың жетістігін көрсетуге мүмкіндік жасау.
3. Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту.
4. Практикалық кеңестер мен тәрбиелік бағыттағы ұсыныстарды көбейту.
5. Жиналыстың нәтижелілігін арттыру үшін кері байланыс ұйымдастыру.

Қорытынды: Сапалы дайындалған ата-аналар жиналысы отбасы мен балабақша арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтады. Сондықтан әр педагог жиналысты ұйымдастыру барысында мазмұндылыққа, ата-аналардың белсенділігіне және тәрбиелік маңыздылығына ерекше назар аударуы қажет.

Әдіскер: Едильбаева Б.А.

2024–2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСҚА САРАПТАМА

Құрметті әріптестер! 2024–2025 оқу жылында әдістемелік қызметтің негізгі мақсаты педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, білім беру үдерісінің сапасын жетілдіру және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын жүзеге асыру болды.

Оқу жылы барысында әдістемелік жұмыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізіліп, педагогтердің кәсіби дамуына, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруіне және тәжірибе алмасуына жағдай жасалды.

Атқарылған жұмыстар

1. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру

Оқу жылы ішінде педагогтер түрлі семинарларға, вебинарларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысып, кәсіби білімдерін жетілдірді. Әдістемелік кеңестер мен педагогикалық кеңестер жоспарға сәйкес өткізілді.

Педагогтер:

- жаңа нормативтік құжаттармен таныстырылды;
- оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау бойынша әдістемелік көмек алды;
- инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесімен алмасты.

2. Әдістемелік жұмыстардың ұйымдастырылуы

Жыл бойы:

- әдістемелік кеңестер өткізілді;
- ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер көрсетілді;
- өзара сабаққа қатысу жұмыстары жүргізілді;
- шеберлік сағаттары мен тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылды.

Бұл жұмыстар педагогтердің тәжірибесін жетілдіруге және кәсіби ынтымақтастықты дамытуға ықпал етті.

3. Мониторинг және бақылау жұмыстары

Балалардың білім, білік, дағдыларының қалыптасуына мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың даму көрсеткіштерінде оң динамика байқалды. Педагогтердің жоспарлау құжаттары, ұйымдастырылған іс-әрекеттері және тәрбиелік жұмыстары жүйелі түрде зерделеніп, әдістемелік ұсыныстар берілді.

4. Ата-аналармен жұмыс

Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында:

- жиналыстар;
- кеңестер;
- ашық есік күндері;
- сауалнамалар мен тренингтер өткізілді.

Ата-аналардың балабақша өміріне қатысу белсенділігі артты.

Жетістіктер

- Педагогтердің кәсіби белсенділігі жоғарылады.
- Оқу-тәрбие үдерісінде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану кеңейді.
- Балалардың даму мониторингінде оң нәтижелер байқалды.
- Әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылды.
- Тәрбие мен оқыту сапасын арттыру бағытында тұрақты жұмыс жүргізілді.

Анықталған мәселелер

Сонымен қатар, талдау барысында бірқатар мәселелер анықталды:

- Кейбір педагогтердің инновациялық технологияларды қолдану деңгейі жеткіліксіз.
- Құжаттарды рәсімдеуде жекелеген кемшіліктер кездеседі.
- Балалардың зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын дамыту жұмыстарын күшейту қажет.
- Озық педагогикалық тәжірибені тарату жұмыстары жүйелендіруді талап етеді.

Міндеттер мен ұсыныстар

2025–2026 оқу жылында:

- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жұмыстарын жалғастыру;
- инновациялық технологияларды қолдануды кеңейту;
- балалардың зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстарды күшейту;
- мониторинг нәтижелері негізінде жеке түзету жұмыстарын жүргізу;
- ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты жетілдіру;
- педагогтердің озық тәжірибесін жинақтау және тарату жұмыстарын жүйелеу ұсынылады.

Қорытынды: Жалпы алғанда, 2024–2025 оқу жылында әдістемелік қызмет жоспарлы және мақсатты түрде жүргізілді. Атқарылған жұмыстар педагогтердің кәсіби дамуына, білім беру үдерісінің сапасын арттыруға және балалардың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізді. Алдағы оқу жылында анықталған мәселелерді ескере отырып, әдістемелік жұмысты одан әрі жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар жалғастырылатын болады.

Әдіскер: Едильбаева Б.А.